

Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №1

20.09.2023ж

Қатысқандар: 13

Күн тәртібінде:

- 1.«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» туралы
2. 1 қыркүйек-Білім күні, 30 тамыз- Конституция күніне орай өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы;
- 3.Жалпы ата-аналар жиналысын өткізу дайындық жұмыстары;
- 4.25 қазан -Республика күні, Алтын күз мерекелерінің іс-шара жоспарын талдау;
- 5.Бастапқы мониторинг. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің қорытындысы.

1.Тыңдалды:Бірінші мәселе бойынша«Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексерудің қорытындысы туралы балабақша меңгерушісі З.Амирсеитова сөз алды.

2023-2024 оқу жылының жылдық жоспарына сай балабақшада «Жаңа оқу жылына дайындық» шолу тексеру жүргізілді. Тексеру барысында балабақшаның, топтардың тазалығы, құрал-жабдықтары, балалардың жатын орындары, тәрбие жұмысына керекті заттары, ыдыс-аяқтар, олардың саны, ойыншықтар, бөлменің жабдықталуына көңіл бөлген. Топтарда гүлдер көп. Жазғы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, топтар өз деңгейінде жабдықталды. Мейірбике Т.Сариева балаларға арналған алғашқы көмек көрсету құралдарының дайын екендігін көрсетті.

Қазақстан Республикасының Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес күн тәртібі, Үлгілік оқу бағдарламасына сай ҰІӨ түзілген. Биылғы стандарттың ерекшелігі күн тәртібі сол алдыңғыдай қалады, ұйымдастырылған оқу қызметі емес ұйымдастырылған іс әрекеті болып өзгертілді. Уақыт шектеусіз. Барлық іс әрекет ойын түрінде кіріктіріліп жүргізілетіндігін айтып өтті.

2.Тыңдалды:Екінші мәселе бойынша 1 қыркүйек-Білім күні, 30 тамыз- Конституция күніне орай өткізілген іс-шаралардың қорытындысы туралы әдіскер Ж.Кулыншакова сөз алды.

2022 жылғы 27 тамыздағы №24 н-қ бұйрығына сәйкес мерекелік іс-шаралардың жоспары бекітілген. Осы бекітілген жоспар бойынша тәрбиешілер ҰІӨ,іс-шара өткізді. Ересек «Аққу» «Ата заңым ардағым» тақырыбында іс-шара өткізді. Балаларға конституция туралы түсінік берілді. Балалар ән айтып, би билеп, тақпақ айтты. Ортаңғы «Айгөлек»тобында ҰІӨ өткізді. Балалар тақпақтарын айтып, сұрақтарға жауап берді.

«Білім күніне» орай ортаңғы және ересек топтарда ҰІӨ өтті.

Кіші топ «Балапан»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2023ж	Булекбаева З
Кіші жас топ «Бүлдіршін»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2023ж	Н.Сейтханова
Ортаңғы «Айгөлек»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2023ж	Л.Айтуреева
Ересек «Аққу»	«1 қыркүйек - Білім күні»	01.09.2023ж	А.Уразбаева

Балаларға Білім күні туралы түсінік берілді. Сұрақ-жауап әдісі арқылы балалардың білімдері қорытындыланды.

Сөйлегендер: Балабақша меңгерушісі З.Амирсеитова Конституция күнінің іс-шарасы орташа деңгейде өткендігін, дайындық аз екенін, балалар тақпақтарын ұмытып қалғандығын айтты. Материал аз. Осыдан кейінгі іс-шараларға жауапкершілікпен қарап, жақсылап дайындалып өткізулерін айтты.

3.Тындалды: Келесі мәселе жалпы ата-аналар жиналысына дайындық туралы балабақша меңгерушісі З.Амирсеитова айтып өтті.

Ата-аналар жиналысының мақсаты: Бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайту. Балалардың мінез-құлқы, бейімі, қызығушылығы мүмкіндігі т.б. тереңірек зерттеу. Ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал ету. Алдымен биылғы оқу жылының ата-аналар комитетін сайлап алу, қажет. Әдіскерге ата араларды балабақшаның жылдық жоспары және оның мақсат-міндеттерімен таныстыруды, мейірбике Т.Сариева балабақша ас мәзірі мен дене шынықтыру шаралары туралы баяндама дайындауды тапсырды.

«Зорлық зомбылық қоғам» тақырыбында презентация дайындап, әңгіме жүргізу керектігінде айтып өтті.

Сөйлегендер: мейірбике Т.Сариева біз жылда ата-аналарды балабақшаас мәзірі мен шынықтыру шараларымен таныстырамыз. Ата-аналарбалалардың тамақтану сапасы, мен ас мәзіріне көңілдері толады. Өз ризашылықтарын білдіреді. Көптеген балабақшалармен салыстырып, біздің мәзірімізді ұнатып, балаларды құнарлы әрі пайдалы тамақтандырады деп бізге алып келеді.

4.Тындалды:25 қазан -Республика күні, Алтын күз мерекелерінің іс-шара жоспарын талқылау туралы балабақша меңгерушісі: З.Амирсеитова сөз алды.«Республика күні» мен «Алтын күз» мерекелерінің сценарийлері жазылып, бекітілсін. Тақырыпқа сай ән, би, тақпақтар жаттатып дайындық жұмыстары жүргізілсін. Балалардың бойында мерекелік көңіл-күй тудыратындай, ата-аналардың көңілінен шығатындай етіп ұйымдастыру керектігін айтып өтті.

5.Тыңдалды: Бесінші мәселе бойынша. Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейінің бастапқы мониторинг туралы әдіскер Ж.Кулыншакова айтып өтті.

Балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын бағалау бойынша мониторинг міндеттері, МДҰ білім беру процесінің жағдайын зерделеу, сондай-ақ даму динамикасын көрсету, МДҰ ұсынатын қызметінің сапасын арттыруға бағытталған ақпаратты жинау, өңдеу және талдау.

Балалардың дамуына мониторинг жүргізуде педагог:

-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын;

-Ұйымдастырылған іс әрекет барысының мазмұнын;

- Бақылау парағы мен баланың жеке даму картасын толтыру тәртіптерінің білуі;

-Мектепке дейінгі педагогика мен психология негіздерін, баланың баланың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін өлшеу әдістерін игеруі қажет.

Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейінің болуын қарастырады. Осы бағалау деңгейі бойынша топтардың қорытындысы.

1. Ересек «Аққу» тобы
2. Ортаңғы «Айгөлек» тобы
4. кіші жас «Бүлдіршін» тобы
5. кіші топ «Балапан» тобы

Шешімі:

1. Балалардың білім, білік дағдыларын ары қарай жетілдіру жұмыстары жүргізілсін.

Жауапты:тәрбиешілер.

2. Жалпы ата-аналар жиналысы дұрыс ұйымдастырылып, өткізілсін.
Жауапты:тәрбиешілер.

3. 25 қазан-Республика күні мен «Алтын күз» мерекелеріне дайындық жұмыстары талапқа сай жүргізіліп, өткізілсін.

Балабақша меңгерушісі:  З.Амирсеитова

Хатшы:  Ж.Кулыншакова



Меңгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №2

23.11.2023ж

Қатысқандар: 12

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Өткен іс-шараларды талдау;
3. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау;
4. Баяндама: «Балабақшада инклюзивті білім беру».

1. Тыңдалды. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.

Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметші қамтамасыз етуде МД жастағы балалардың біліктері мен дағдыларын дамытудың маңызы зор. Сондықтан балалармен тиісті жұмыстар жүргізіліп жылына 3 рет диагностика жүргізіледі. Қыркүйек айында бастапқы мониторинг жүргізіліп диагностика нәтижелері балалардың бақылау парағына енгізілген болатын. Диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзеу жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процесінің міндеттері мен мазмұнын айқындалады. Барлық топ тәрбиешілері мен сол топта жұмыс жасайтын педагогтар күн тәртібі барысында диагностика нәтижелерінің қорытындысы бойынша түзету жұмыстарын жүргізуде.

Жалпы ата-аналар жиналысы өтті. Құрметті ата-аналар балабақшамен тығыз байланыста болып, балабақша өміріне белсенді араласып тұратын ата-аналар комитетінің төрағасы немесе төрайымын және мүшелерін сайлап алу керектігін айтты. Жалпы комитеттің жұмысымен және жалпы міндеттерімен таныстырды. Ата-аналар ұсыныстары бойынша ата-аналар комитетін ұйымдастыру болып табылды. Ата-аналар комитетінің төрайымы бір ауыздан А.Сейтханова болып сайланды. 1. А. Жусипова
2. Н. Рахматуллаев ата-аналар бір дауыстан ата-аналар комитетінің мүшесі қылып шешім қабылдады.

Балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында баяндама оқыды. Балаларымыз болашағымыз, бала тәрбиесі еліміздің әлеуметтік дамуының, құрылымының келешегін айқындаушы деп есептейміз. Егемен еліміздің көк туын желбіретер ертеңгі болашақ, яғни бүгінгі бүлдіршіндер тәрбиесі аса ауқымды, назар салатын басты мәселенің бірі. Біздің мемлекетіміз бүгінгі таңда әлеуметтік, экономикалық және саяси негіздерін жаңа заманға сай жасаушы мемлекет.

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы бастамасын отбасында алса, жалғасы балабақшамен байланысады, яғни бала тәрбиелене отырып білім алады.

Отбасы тәрбиесі қоғамдағы өзгерістермен тығыз байланысты, сондықтан ол қоғам мүддесіне қызмет етуі тиіс. Отбасы ең алғашқы тұлғаны дамытатын әлеуметтік орта. Отбасында баланың тұлғалық қасиетіне ықпал ететін көптеген жағдайлар болады.

Мәселен, отбасы мүшелерінің мәдени деңгейі баланың түрлі әлеуметтік құндылықтарды игеруіне игі әсерін тигізеді.

2.Тындалды. Өткен іс-шараларды талдау бойынша балабақша меңгерушісі 3.Амирсеитова сөз алды.

25 қазан Республика күніне орай ортаңғы және ересек топтарды ҰІӨ өтті. Басты мақсат:балаларға біздің Республика күні жөнінде түсінік беру. Патриоттық және адамгершілік сезімдерін ояту “Отан” туралы түсініктерін кеңейту.

ҰІӨ тәрбиешілері жақсы дайындалған. Бейнероликтер мен суреттер көрсетіп балаларға Республика күні Қазақстан туралы түсінік берді. Балалар тақырыпқа сай тақпақтар айтып әндер орындады.

Және де биылғы оқу жылының жылдық жоспарына сай ересек және ортаңғы топтарда “Қош келдің Алтын күз”тақырыбында мерекелік іс-шаралар өтті. Зал мерекеге сай безендірілген тәрбиешілер мен, балалар мерекелік киім киген. Балалар ән айтып, билеп, тақпақтар айтты. Бірақ ортаңғы “Айгөлек” ересек “Аққу”топтарының дайындығы аздау болған сияқты. Келесі іс-шараларға көп көңіл бөліп жауапкершілікпен дайындалады деген сенімдемін.

3. Тындалды. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттерді, жаңа жылдық іс шара жоспарын талқылау туралы балабақша меңгерушісі 3.Амирсеитова айтып өтті.

Құрметті әріптестер, алда тағы бірнеше мерекелік іс-шаралар жоспарланған. Тәуелсіздік күніне ортаңғы және ересек топтар ашық ҰІӨ мен іс шараларға жауапкершілікпен дайындалыңыздар. Жаңа жылда мерекелік іс шара өткізесіздер. Тәрбиешілер өз жоспарларын ортаға салып, бөлісті. Қажетті түзетулер енгізілді.

4. Тындалды. «Балабақшада инклюзивті білім беру» тақырыбында тәрбиеші А.Уразбаева баяндама оқыды. Инклюзивті оқыту- мүгедек пен дамуында сәл бұзылушылығы мен ауытқулары бар балалардың дені сау балалармен бірге олардың әлеуметтендіру және интеграция процестерін жеңілдету мақсатындағы бірлескен оқыту.

Инклюзивті оқыту – барлық кемтар балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепке және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді, олардың тең құқығын анықтайды, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

инклюзивті оқытудың -негізгі принциптері:

1. Адам құндылығы оның мүмкіндігіне қарай қабілеттілігімен, жеткенжетістіктерімен анықталады.
2. Әрбірадамсезуге және ойлауға қабілетті.
3. Әрбірадам қарым-қатынасқа құқылы.
4. Барлықадамбір-бірінеқажет.
5. Білімшпынайы қарым-қатынасшеңберінде жүзеге асады.
6. Барлықадамдаркұрбы-кұрдастарының қолдауы мен достығын қажететеді.
7. Әрбіроқушы үшін жетістікке жету – өзінің мүмкіндігінеқарай орындайалатынәрекетінжүзеге асыру.
8. Жан-жақтылықадам өмірінің даму аясынкенейтеді.

Инклюзивтібағыт кемтарбалаларды оқуда жетістіккежетуге ықпалетіп, жақсы өмірсүру мүмкіндігішектеулі балаларды оқыту әлі де өзекті мәселе күйінде қалып отыр. Олардың қатарыжылсайын өсіп жатқандықтан, жарымжан балаларға білім беру жүйесін жетілдіру қажет. Қазір олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, өзгелермен теңдейбілім алуына жағдай жасау қажет.

Ал, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу ерекшелікті қажет етеді. Ата-ананың тарапынанұстамдылық, шыдамдылық, төзімділік, сабырлық сияқтықасиеттерболуытиіс.

Отбасының бала тәрбиесіндегі алар орнынхалқымыз « ұяда не көрсен , ұшқанда соны ілерсін» деген даналықойментүйебілген. Кемістіңтүріне де және күрделілік денгейіне байланысты балаларды тәрбиелеумүмкіндігі де өзгеріп отырады. Арнайыәдістерді пайдалана отырып, тәрбиеші бала тәрбиесіндегі кемшіліктерді тікелей түзетуге ықпалетеді. Мүмкіндігі шектеулі балалардыоқытужәне тәрбиелеу кезінде жаттығу түзетудіңарнайы әдістерініңбірі болып табылады. Жаттығуларды орындайотырып бала өзінортададұрыс ұстауға, мейірімділікке, төзімділікке үйренеді. Бірақ жаттығуға толығымен жүгінуде балаларды агрессияға, мінезіндегі қикарлықты тудыруы мүмкін.

Шешімі:

1. Тәуелсіздік күніне орай ашық ұйымдастырылған іс әрекеттер, жаңа жылдық іс шара жоспарға сай өткізілсін.

Жауапты:тәрбиешілер.

Балабақша меңгерушісі

Хатшы:



Handwritten signature of Z. Amirseitova

З.Амирсеитова

Ж.Кулыншакова

№3 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

15.03.2024 ж

Жиналғандар саны -11

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде.
2. 8 наурыз, Наурыз мерекелеріңіз сценарилерін бекіту.
3. 7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастыру.

Тыңдалды: Өткен кеңестің шешімінің орындалуы жөнінде меңгеруші З.Амирсеитова сөйледі. Өз сөзінде өткен кеңес шешімдері бойынша қанағаттанарлық.

Сөйледі : Балабақаша сазгері Ж.Босынова 8 наурыз мерекесінің өтілуіне тоқталды. «Аққу» тобы аналар күніне арнап «Анашым-жан шуағым» атты ертеңгілікке дайындық жүріп жатыр. Ертеңгіліктің сценариімен таныстым. Ән, би жақсы мерекеге сай, таңдалынып алынған. Балаларға тапсырмалар берілді. Аналар күніне орай тақпақтар, әндер берілді. Сондай ақ, Ұлыстың ұлы күні Наурыз мейрамының да сценарийі дайындалып жатыр.

Т ы ң д а л д ы : балабақша меңгеруші З.Амирсеитова «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастыру туралы ұсыныс берді.

«Аққу» ересек тобы «Шынықсын денеміз» эстафеталық жарыс 05 сәуірде өткізілсін. Балабақша тәрбиеленушілері мен қызметкерлерді қатыстыра флешмоб өткізілетінін айтып өтті. Керекті құралдарды талапқа сай дайындауды, музыкамен және балалаларды «с» витаминімен қамтамасыз етуді балабақша медбикесіне жүктеуді ұсынды. Тәрбиешілер толық келісті.

Шешім:

1. Мерекелік іс-шаралар тақырыбына , мақсатына сай жауапкершілікпен өткізілуі тиіс.
2. «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесіне дайындық жүргізілсін.



З.Амирсеитова
Ж.Кулыншакова

№ 4 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

06.05.2024 ж

Жиналғандар саны –11

Күн тәртібі:

1. Өткен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. Мерекелерді талқылау.
3. Қорытынды мониторинг нәтижесі.
4. Жазғы маусымға арналған іс-шараларды бекіту.

Т ы ң д а л д ы : балабақша меңгерушісі А.Бакишева өткен кеңестің қаулылыларының орындалуына есеп берді. Аналар күніне арналған онлайн ертеңгілік ойдағыдай өтті. Балалар тәрбиеші үйреткендей үйде бәйшешектен гүл жасап аналарына сыйлады. Ата-аналар ризашылықтарын жеткізді. Сонымен қатар. Анықталған кемшіліктер алдағы уақытта орындалуы тиіс екенін ескертті. Тәрбиешілер толық орындауға уәде берді.

Балабақшада «7- сәуір дүние жүзілік денсаулық күніне арналған «Шынықсын денеміз» мерекесін ұйымдастырылғанын, ортаңғы тобында эстафеталық жарыс балалар жасына сай өткізілгенін, топ белсенді қатысқанын айтып өтті.

Сонымен бірге балабақшада өткен флешмоб өткізілгенін, барлық қызметкерлер мен тәрбиеленушілер қатыстырылғанын, балалар көңіл күйі көтеріңкі, қатысулары өте белсенді болғанына тоқталып өтті.

Сонымен бірге ертеңгілігі мен «Ұлы жеңіс» іс әрекеті сағатының өтілуі қанағаттанарлық екенін айтылды.

Сөйледі: Балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова

Жаңа жыл мерекесі, 8наурыз –Аналар мерекесі, күніне өткізілген мерекелік ертеңгіліктерде би,ән үйретті. Балалардың білім деңгейін бағалауды да үйретті. Әдістемелік кеңестер берілді. Ата-аналармен де жақсы араласты. Балалармен тез тіл табысып, берілген тапсырмаларды уақытында орындап отырды.

2. **Т ы ң д а л д ы :** Қорытынды мониторинг бойынша балабақша әдіскері К.Базарбаева сөйледі. Қорытынды бақылау ІІ жартыжылдық соңында өткізіледі, ол мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында анықталған балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейіне сәйкестілігін айқындауға мүмкіндік береді. Өр диагностика нәтижелерін педагог Бақылау парағында білім беру саласы бойынша толтырады. Содан соң топ бойынша Жиынтық есеп жасалады , ол білім беру ұйымы бойынша Жиынтық есеп жасау үшін әдіскерге беріледі.

Диагностика нәтижелері бойынша педагог баланың үлесін есептейді.

Бақылау парағында алынған мәліметтер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады. Баланың жеке даму картасының «Түзету іс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс істейтін педагогтер мен мамандар толтырады.

Баланың жеке даму картасының «Қорытынды» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын жүргізу үшін педагогикалық процесстің міндеттері мен мазмұнын айқындайды.

Мониторинг нәтижелері келесі білім беру міндеттерін шешу үшін ғана қолданыла алады: балалар тобымен жұмысты белсендендіру.

Сөйледі: балабақша меңгерушісі А.Бакишева жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығымен таныстырып өтті. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын жіті қадағалау, бастарынан күн өтпеу, дұрыс тамақтану және жарақаттанбау үшін өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарау керектігін қадап айтты.

Қаулы:

1. Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
2. Қорытынды мониторинг бойынша төмен деңгейдегі балалармен жеке даму жұмыстары жүргізілсін.
3. Жаз мезгілінде балалар өмірі мен денсаулығын сақтау қатаң сақталсын.

Кеңес төрайымы:



Хатшысы

А.Бакишева

Ж.Кулыншакова

№ 5 меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы.

31.05.2024 ж

Жиналғандар саны –11

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы..
- 2..Жаңа оқу жылына дайындық.
- 4.Жөндеу жұмыстары жөнінде.
- 5.№1 Педагогикалық кеңеске дайындық.

Тыңдалды:Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы жөнінде балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова тоқталып өтті.Ол өз сөзінде балалардың білімдерін жетілдіруде тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеуде көңіл бөлініп,тазалық,ұқыптылық ,көмектесу жөнінде санамақтар,тақпақ-өлеңдермен пысықтап өтуде «Сабынмен дос болайық», «Қуыршақты шомылдырайық», «Кезекшілік етейік» атты ойындар ұйымдастырып өткізілуде. Балалармен өз туыстарының аты жөнін түгел білу,туыстық қатынасын білуге ата-аналардың да көмегі қажет болды.Ата-аналармен байланыса отырып ,нәтижеге қол жетуде.Отбасы мүшелерінің аттарын толық атау,дұрыс айту,жасы үлкен-кішіге мән беру,құрметтеуге тәрбиелеудеміз деді.

Тыңдалды:Жаңа оқу жылына дайындық жөнінде балабақша әдіскері Ж.Кулыншакова сөз алды:Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда мақсатқа жетуде, нәтижесі мазмұнды болу үшін,бала ықыласын аударуда және келешекте белсенді де,бәсекеге қабілетті,білімлі де ширақ, жігерлі ұрпақ жетілдіруде көп жұмыстар, көп техникалық құралдар мен бейнетаспалар,үнтаспалар қажет. Тәрбиеші үнемі даму үстінде болу керек. Өз білімін үнемі ізденіп, жаңашыл болуға әректтенуіміз қажет. Дамытушы орталар мазмұны, құралдары жаңартылып, толықтыруды, жаз бойы ізденуге шақырамын. Ғаламторға кіріп басқа елдердің әдіс-тәсілдерінен, іс тәжірибелерінен өзімізге ендірсек, аудан, облыс озық тәжірибелерін,баспасөз құралдарын пайдаланайық. Қызықты ойындар топтап,әрбір күні- іс әрекет мағыналы өтуін қарастырып, балаларға жаз бойы көтеріңкі көңіл күй ,шаттық, қуаныш сыйлайық.

Тыңдалды: Жазғы маусымда өтетеін жөндеу жұмыстарына балабақша меңгерушісі А.Бакишева тоқталып өтті. Балабақша ғимаратының қажетті жерлерін ақтап, сырланып күрделі жөндеу жасап біткенін алдағы уақытта таза ұстауға шақыратынын алға тартты. Құралдардың сынған жерлерін реттеп, жөндеулеріңізді тапсырамын. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесін бұзбай, балалардың және өздеріңіздің өмір қауіпсіздіктеріңізді сақтауға міндеттісіздер. Балабақшаның, ауланың тазалығын сақтау, мүліктерді күтіп ұстау, жөндеу жұмыстарына ынтымақты түрде қатысуға шақырамын деді.

Тыңдалды: №1 педагогикалық кеңеске дайындық жөнінде балабақша меңгерушісі А.Бакишева сөз алды, күн тәртібіндегі басты мәселелер жөнінде әңгіме өткізді. Жалпы балабақша ұжымы «Таным» дағдысы және «Денсаулық» дағдысы мақсат етіп алып жұмыс жүргізуді жалғастырамыз дамытушы орталар толықтыруларды тапсырылды.

Шешім:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы қадағалансын.
2. Жазғы сауықтыру шаралары жоспар бойынша жауапкершілікпен өткізілсін
3. Жаңа оқу жылына дайындықтар жүргізілсін.
4. Жөндеу жұмыстары кезінде қауіпсіздік ережесі сақталсын.
5. №1 пед кеңеске жауапты қызметкерлер, дайындықпен келу.



А.Бакишева
Ж.Кулыншакова